

## Ақтөбе облысы , Хромтау қаласы , №2 Хромтау гимназиясы

№2Хромтау гимназиясында 2018-жылдың қаңтар айынан бастап робототехника үйірмесі өз жұмысын жүргізуде. Бұл үйірмеге 6-класс оқушылары қатысады. Топта – 15 оқушы бар. Жетекшісі – Жакипбекова Айгерим Ерболатовна .Оқушылар үйірмеге бар ынталарымен келіп, қызыға жұмыс жасайды.

Оқушылар арасында робототехника бағытын насихаттау , ғылыми-техникалық шығармашылық пен инженерлік мамандықтардың беделін арттыру мақсатында білім алушылар арасында Ақтөбе қалалық техникалық шығармашылық орталығының базасында 23-24 ақпан күндері Кегельринг бойынша облыстық ашық чемпионат өткізілді. Бұл чемпионатқа біздің мектептің оқушылары да қатысты.Олар: Мамедов Азиз, Савельев Артем. Аталған оқушылар сертификаттармен марапатталды.

